Айтмагамбетов А.

Астана қ. ДП бастығына
полиция генерал-майоры
М.С. Төлебаевқа

М. Шоқытаев С.Е.
Курманбекова А.А.
қарастыру үшін

БАЯНАТ

Астана қаласында «Нұра» *(Қорғалжын тас жолы, 13/2)* және «Сарайшық» *(Тынышбайұлы көшесі, 8)* әкімшілік аудандарының ашылуына байланысты аудандық полиция басқармасын және №22 учаскелік полиция пунктін *(Чехоева көшесі, 12)* орналастыру мақсатында 2025 жылға аталған үй-жайлар жалға алынды. Нысандар техникалық нығайтылу талаптарына және өзге де нормативтік талаптарға сай келеді.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 38 тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүргізбестен мына қызмет түрлері бойынша бір көзден шарт жасасуға рұқсат етілетіндігін хабарлаймыз:

- тұрғын емес мақсаттағы ғимараттарды, құрылыстарды, имараттарды, үй-жайларды жалға алу, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті актімен айқындалған болса;
- жалға алынған тұрғын емес ғимараттың, құрылыстың, имараттың, үй-жайдың техникалық қызмет көрсету, күзет және қызмет көрсету қызметтері;
- өтеусіз пайдалануға және (немесе) тапсырыс берушінің жедел басқаруына берілген бір немесе бірнеше тұрғын емес үй-жайларға техникалық қызмет көрсету (оның ішінде аса маңызды мемлекеттік объектілерде орналасқан мемлекеттік органдар үшін), сондай-ақ күзет және қызмет көрсету қызметтері, егер бұл қызметтер сол ғимараттағы үй-жайларды пайдаланатын басқа тұлғаларға да көрсетілсе.

Осыған байланысты көрсетілген үй-жайларды жалға алу шарты бойынша 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жалға беруші ұйымдармен бір көзден Мемлекеттік сатып алу тобымен шарт жасасуға рұқсат беруіңізді сұраймыз.

Астана қ. ПД ТҚеБ бастығы
полиция полковнигі **Шоқытаев С.Е.**

«Келісілді»
Астана қ. ДП бастығының орынбасары
полиция полковнигі **Айтмағамбетов А.Ж.**